

№24 «Ұшқын» негізгі орта мектебіндегі зорлық – зомбылықтан қорғау, суйцидтің алдын алу және олардың құқықтары жайлы ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы жиналыстың

Хаттамасы

04.12.2023 жыл

Ұшқын ауылы

Қатысқандар:32

Күн тәртібінде:

- 1.«Зорлық – зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама. /Б.Султанов/
- 2.Зорлық-зомбылықтан қорғау, суйцидтің алдын алу тақырыбында тренинг ойын-жаттығулар өткізу./У.Кулдасова/

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов баяндама оқыды. Ол өз сөзінде, қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық.Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып- соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін.Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады- деп сөзін ары қарай жалғастырды.

2.Екінші мәселе бойынша мектеп психологы У.Кулдасова сөз алып, зорлық – зомбылықтан қорғау, суйцидтің алдын алу және олардың құқықтары жайлы ақпараттықтар беріп өтті.Жиналысқа қатысушыларға тренингтер, түрлі ойын жаттығулар ойнатты.

Жаттығу: «Өзін тану»

Мақсаты: Өзімізді, басқаларды танып білу,бойымыздағы жаман қасиеттерді жойып, жақсы қасиеттерді асыру.

Парақтың оң жағына «жақсы», сол жағына «жаман» қасиеттеріңізді тізіп жазыңыз.

- 1.Қандай қасиеттерді көп жаздыңыз?
2. Қайсысын өзіңіз көбірек таптыңыз?
- 3.Осыған дейін осы жайлы ойланып көрдіңіз бе?

4.Бұдан былай жиі есіңізге түсіріп отырасыз ба?

«Миға шабуыл», «Қазіргі жасөспірімнің бейнесін жасау»

Балаларға қазіргі жасөспірімнің бейнесін құру ұсынылады. Негізгі мінез –құлық қырларын, қызығушылығын, киімде, музыкада, спортта қолданатын үлгісін,бағыттарын атап көрсету керек. Жағымсыз жақтарын да көрсетуі тиіс. Ватман қағазда қатысушылардың ұсыныстары жазылады.

Жаттығу: «Мен саған сенемін»

Барысы: Екі –екіден жұпқа бөлініңіздер. Бір –біріңізге қарама –қарсы отырыңыздар. Шамалы уақыт бір –біріңіздің көздеріңізге қарап, үндемей отырыңыз. Күнделікті жасап жүрген істеріңіз емес, бұл өте қиын, бірақ сіздер бір –біріңізді танысыздар.

Енді рет –ретіңізбен мынадай сөздерді аяқтайсыздар. Мысалы: «Мен сенімдімін, сіз алдағы уақытта өз ісіңіздің шебері боласыз, «Мен сенемін маған алдағы уақытта көмек керек болса, сіз маған көмектесесіз», «Мен сенемін сен ешқашан мен туралы жаман ештеңе айтпайсың» т.б

Бір –бірлеріңізге бір –бірден жылы сөз айтып шығасыздар.

Жиналысқа қатысушы ата-аналарға бірнеше кеңестер айтты.

Ата - аналарға кеңес

Сақтануды отбасынан бастаған жөн. Әр баланың бір нәрсеге деген қызығушылығы бойында жасырын жатады.

1. Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру.
2. Баланы мектептен мектепке ауыстырғанда, балаға қолайсыздық туғызбайтын жағын қарастыру.
3. Ата –ана өз ісімен үлгі болу, ертіп жүріп пайдалы еңбекке, өнерге баулу.
4. Қызығушылығын спортқа, музыка тәрізді өнерге үйренуге бұру.
5. Ашу –ызаңыздың бәрін баладан алмаңыз, қаталдық пен қатыгездіктің аражігін дұрыс түсіне де, айыра білгеніңіз абзал.
6. Жиі өз балаңызбен сырласып, жүрегінің үнін тыңдау.

Бала –адамның келешегі, баланы тәрбиелеу, оны қоғамның сапалы мүшесі етіп өсіру – ата –ананың борышы деді.

Шешім:

1. Зорлық – зомбылықтан қорғау, суйцидтің алдын алу және олардың құқықтары жайлы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын қанағаттанарлық деп есептелінсін.

Жиналыс төрағасы:  Б.Султанов

Хатшысы:  У.Кулдасова

